✦ *МЕРЕЙ*

Детектив жанрының жаңұты

Кемел Тоқаевтың туғанына — 80 жыл

Нүрбол ӘЛДІБАЕВ, "Жетісу"

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ұйымдастыруымен Алматыдағы әдебиетшілер үйінде Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін салған көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері Кемел Тоқаевтың туғанына 80 жыл толуына орай салтанатты жиын болып өтті.

Оны Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин құттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Қазақ зиялыларының басын қосқан салтанатты жиында К. Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы майдангер жазушы К. Исабаев баяндама жасады. Қоғам қайраткері Бәйкен Әшімов, Қазақстанның халық жазушысы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов, академик Серік Қирабаев, ақын Есет Әукебаев, ақын, халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Сәкен Иманасов, ақын, халықаралық "Кафка" сыйлығының лауреаты Шөмішбай Сариев, журналист Баймырза Дәуренбеков, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әкім Тарази дүйім жұрттың алдына шығып, Кемел Тоқаев туралы естеліктер айтып, арнау өлеңдерін оқыды. Әрине, әрбір тілектен соң, елімізге танымал әрі халықаралық сыйлықтардың лауреаттары болған өнер шеберлері тамылжыта ән салып, мың бұрала биледі.

Өз кезегінде К. Тоқаевтың туғантуыстары атынан баласы **Қасымжомарт Тоқаев** шығып сөйледі.

– Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, белгілі ақын Нұрлан Оразалинге танымал жазушы Кемел Тоқаевтың шығармашылық кешін ұйымдастырғаны үшін алғысымды айтқым келеді, – деп бастаған сөзін одан әрі былай жалғады – Құрметті зиялы қауым, әдебиетшілер, жазушылар, ақындар, журналистер сіздердің қоғам үшін атқарып жүрген ауыр да, абыройлы еңбектеріңізді жоғары бағалаймын. Кемел Тоқаевтың шығармашылығын жете бағалап әрі азаматтығын сіздер айтып, жазып жүрсіздер. Мүмкіндікті пайдалана отырып әкемнің 80 жылдығына орай "Азамат" атты кітаптың жарыққа шыққанын айтар едім. Кітапта Кемел Тоқаевтың өмірі, тағдыры жайлы мағлұматтар молынан берілген. Белгілі қаламгерлер естеліктері де бұл кітаптан орын алған. Соның бәрін топтастырып, кітаптың сапалы шығуына еңбек сіңірген Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баққожа Мұқайға ерекше алғысымды айтамын.

Ардақты ағайын – зиялы қауым қашанда қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқарып келеді. Жазушылар мен ақындар өз шығармаларымен қазақтың сайын даласының даму жолдарына дәңгыл соқпақ салды. Адамдарды ізгі мұраттарға жетелеуде. Боларына тарихымыз бен келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін сіңірді. Олар: Абай, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбіш Кекілбаев, Мұқағали Мақатаев және басқа да көрнекті жазушылар мен ақындар легі болып, қазақ руханияты мен мәдениетінің тарихына алтын әріптермен жазылды. Қазақ қоғамы көп ретте өзінің зиялылары алдында қарыздар. Демек, біз ғылыми техникалық прогресс пен ғаламдану жағдайында зиялы қауымға қамқор болып, көңіл бөлуге тиіспіз.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері 12 жыл уақыт өтті. Осынау қысқа мерзім ішінде бүкіл әлем өзгерді. Қазақстан шын мәнісіндегі тәуелсіз елге айналды. Халықаралық қауымдастықта өзіндік елеулі рөл атқарады. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен үлес қосуда. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажымас күш-қайраты арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастықта экономикасы дамыған елдермен иық тіресті. Соның ішінде – рухани салада да баскосулар өтетін ел болды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан дербес ел болып танылды. Соның бәрінде Елбасының үлесі зор.

Тағы бір айта кетер жайт. Кемел Тоқаев елінің болашағына сенді. Қазақ тілінің жанашыры болды. Өкінішке орай, ол қазақ халқының тарихында бүгін біз күә болып отырған оқиғаны көрмеді. Әйтсе де, оның арманы орындалды.

Қадірлі қауым, баршаңызға денсаулық пен амандық тілеймін. Халқымыз есен болсын, – деді Қасымжомарт Тоқаев.

Салтанатты жиынды Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы **Нұрлан Оразалин** қорытындылады:

– "Орнында бар оналар" деген қазақтың киелі де қасиетті сөзі бар, – деді ол. Осы жиынды өткізерде өзінің үлкен мемлекет қайраткері екенін сәл де болсы есінен шығарып, той иесінің пірзенті екенін, артында қалған ұрпағының көшін бастап келе жатқанын ойлап та мына мерейтой қалай өтер екен деп Қасымжомарт Кемелұлы тебіреніп, арамызға көптен бері еніп, атсалысып жүрді. Қасымжомарт Тоқаев әкесі туралы жазған естелігінің соңғы сөзінде "...екі ескерткіш тастың қасында ұзақ ұнсіз тұрамын. Себебін білмеймін, зират басында менің ойларым шашырап, бұлдырланып, дерексіздене бастайды. Олардан арылу үшін ұзақ уақыт аспанға қараймын, маған сонау жақта, тым алыста қымбатты ата-анамның да жандары жайлы орын тапқан сияқтанады. Шексіз ғарышта тынымы тапқан екеуінің жұмыр жердің бетінде тіршілігін жалғастырып жатқан балалары мен немерелеріне жан жылуын жолдап жатқанына сенгім келеді" деп жақсы сөз жазыпты. Бұл – мына дүниенің жалған екеніне көзі жеткенімен соны ұмыту үшін көкке қарағанда ата-ана рухының өзін, ұрпағын жебегенін көруі болар.

* * *

Белгілі жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 80 жыл толуына орай баласы Қасымжомарт Тоқаев зиялы қауым өкілдерімен бірге Қаратал ауданы Үштөбе қаласындағы Кемел Тоқаев атындағы мұражайда және жазушының ата-бабалары жатқан зиратта болып қайтты. ҚР Сырттқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевпен бірге облыс әкімі Шалбай Құлмаханов жүрді.

Замандастар лебізі

Кемел Тоқаевтың қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің телегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз.

Қасым ҚАЙСЕНОВ

Кемел қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрында алдына жан салған жоқ.

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ

Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп, әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән онтайлы өнерлілігімен талай құнды кітаптар тудырған Кемел Тоқаевты туған халқы әрқез мархабатпен еске алады. Рухани ізгі екінші ғұмыр деген, әне, сол!

Мұзафар ӘЛІМБАЙ

Кемел аға ғой қазақ әдебиетінің жаңа бір арнасын ашты, шытырман оқиғалы шымыр шығармалар жазды. Және де басқа әдебиеттегідей жасанды, "жасырынбақ ойнау" емес, қарапайым қара тілмен, қара прозаның ("қара" – деген "қасиетті" деген мағынада!) бір саласын ашты.

Әкім ТАРАЗИ

"Мен білемін", "менікі жөн" деп ешқашан да кеуде соқпайтын, өзі тау құлатып, тас қопарса да еш мақтаныш білдірмейтін, үлкенге – іні, кішіге – аға, көпке – дос, жолдас, кімге де – кішік, бетегеден биік, жусаннан аласа Кемел ағаның "Бауырым" деген бір сөзінің өзі не тұратын еді.

Әбілфайыз ЫДЫРЫСОВ

Кемел аға мұнтаздай болып, таза жүретін кісі. Бір тал шашы шашау шығып, шашылып кетпейді, үнемі мұқият тарап жүреді. Қызметке әрқашан ақ жейде киіп, галстук тағып келеді. Шалбарының қыры сынбайды.

Баққожа МҰҚАЙ

Жетісу жәрмеңкелері

Күзгі жиын-терім де аяқталып келеді. Соған орай облыс орталығындағы АКЛ базарындағы жәрмеңке қыза түсуде. Бұл күні Панфилов, Алакөл, Сарқан, Ескелді, Көксу, Ақсу Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласының шаруа қожалықтары мен фермерлері, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің ұжымдары өздерінің ала жаздай мандай терлерін төгіп өсірген ауыл шаруашылығы тауарларын арзан бағаға сатып, көпшіліктің ризашылығына бөленді.

Сапалы тауар өтімді

Облыстық жәрмеңке жалғасын табуда

Болат ДӘКЕР, "Жетісу"

Мәселен, Сарқан ауданындағы шаруашылық қожалықтары бұл күні ауыл шаруашылығы өнімдерінің 560 мың теңгенің 28 түрлі тауарын алып келіп, қала тұрғындары мен қонақтарына сауда жасады. Осы ауданның Қойлық, Қарабөгет, Бақалы, Көктерек, Черкасск, Лепсі ауылдық округтерінен келген саудагерлер аз уақыт ішінде мыңдаған теңгенің саудасын жасап үлгерді. Олардың ішінде жекеменшік тауар өндірушілер де бар екен. Кейбіреулері қарын-қарын сары майын, күрт-ірімшік, ет, қатық сатып, қаржыға қарық болып қалды. Осы аудан әкімінің орынбасары Сексенбай Бекішев бізбен әңгімесінде былай деді:

— Үстіміздегі жылдың қыркүйек айының басынан басталған облыстық жәрмеңке әлі де жалғасуда. Әр сенбі сайын шаруа қожалықтарының иелері өздерінің өндірген өнімдерін алып келіп, базардың бағасынан төмен сатып жатыр. Бұл жәрмеңке қараша айының ортасына дейін болады. Қазір барлық мүмкіншіліктерімізді қарастырып, тауарларымыздың сапалы болуына айырықша көңіл аударамыз.

Алакөл ауданының ауыл шаруашылығы департаментінің бас маманы Төкен Нұрламанов шаруа қожалықтарының 516 мың теңгеге тауар алып келгендіктері жөнінде әңгімеледі. Осы ауданнан Қызылащы, Жайпақ, Ырғайты, Герасимовка және басқа да ауылдық округтердің шаруа қожалықтары өз өнімдерін қала тұрғындарына арзан бағамен сатты. Мәселен, еттің бағасы базарда 320 теңге болса, осы ауданның азаматтары әр киле етті 280 теңгеге өткізді. Алакөл ауданы биыл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп келеді. Қазір мұнда 56 мың гектардан астам егістік алқабы жүйелі жүргізілген. Соның 4 мың гектарына соя дақылы егілген. Олардың арасында бір мың гектардан астам жерге соя тұқымын сепкен Қанат Нүсіпов сияқты азаматтар берекені арттырып, табысқа қол жеткізуде. Сондай-ақ, Ақсу ауданындағы Суықсай ауылдық округінің шаруа қожалықтарының иелері бұл күні 400 мың теңгенің сапалы тауарларын алып келіп, арзан бағамен сатты. Атап айтқанда, жылқы және ірі қара, қой-ешкінің еті аз уақыттың ішінде өтіп кетті. Округтің әкімі Б. Қуатов облыстық жәрмеңкеге ризашылығын білдіріп, осындай базардың жиі-жиі болып тұруына тілек айтты.

Бұл күні Панфилов ауданынан келген "Жеміс-жидек" өндірістік кооперативінің сатушысы Сайра Қошманқызы, Үлкенағаш ауылдық округінің шаруа қожалығының жетекшісі Абайбек сияқты азаматтар өздерінің сапалы өнімдерін тез арада өткізді. Бәрінен бұрын жәрмеңкеге алып келген ауыл шаруашылығы өнімдерінің алуан түрлілігі қала тұрғындарын қуантып, сауда қызу жүрді.

Ел сауда жасап жатқанда АКЛ базарының арнайы жасалған сахнасында Ескелді ауданының көркемөнерпаздары өз өнерлерін көрсетіп, келген адамдарға әдемі ән мен тәтті күй сыйлады. Аудандағы Мәдениет үйінің қызметкері Шолпан Мойтақованың басқаруымен бір топ биешілер тамаша өнер көрсетті. Әсел, Динара деген қыздар мың бұрала билеп, көрермендер көңілінен шықты. Орыс қызы Наталья Ткачева қазақтың "Дударай" әнін тамылжыта шырқағанда, тыңдаушылар таңдайларын қағысып, риза болысты.

Облыс жәрмеңкесі Қазақстан Республикасының күні мерекесімен ұласып, келген халық базарды ұйымдастырушыларға өздерінің шынайы алғыстарын білдіріп жатты. Өйткені, сапалы тауарлармен бірге тірідей мал да сатылып, той жасаушылар бір қуанысты. Әсіресе, Ақсу ауданынан алып келген қойлардың қоңдылығының арқасында демарада сатылып кетті.

Бір қуанарлығы облыстық жәрмеңкеге алып келген тауарлардың әрі сапалылығы мен арзандығы көпшіліктің көңілінен шықты.

АКЛ базарының басшылары қала тұрғындарына сапалы қызмет көрсетіп, осындағы асханалар мен кафелер кідіріссіз жұмыс істеді. Сауда қызып, қала тұрғындары дорба-дорба ауыл шаруашылық өнімдерін арқалап қайтып жатты. Бір айта кететін жай, қалалық автокөліктің тоқтаусыз жүріп, барлық маршруттар бойынша базарда тіреліп тұрды.

Суреттерде: Жәрмеңке көріністері.

Суреттерді түсірген Н. ҚИЗАТҰЛЫ.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

Он белестің биігінен

Газетіміздің алдыңғы сандарында хабарлағанымыздай, өткен аптада Талдықорған қаласындағы "Жетісу" экономика институты өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өткен еді.

Еліміздің өгемендігімен жарыса бой көтерген мемлекеттік емес жоғары оқу орыны осы жылдар ішінде небір ауыртпалықтарды жеңе отырып, білім беру нарығында өзіндік орыны бар екенін дәлелдей білді.

Мерейтой салтанаты 23 қазан күні ертеңгісін мереке қонақтарының Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қоюымен басталған еді. "Азалы ана" ескерткішінің басында өткізілген бұл шара барысында Отан соғысының ардагері, институттың құрылтайшыларының бірі **Абдулла Тұрдыбайұлы Балтабаев,** Алматы облысының Құрметті азаматы **Ғайыс Егембердиев,** ардагерлер ақсақалының төрағасы **Иван Кириллович Битюковтар** сөз алып, институттың ұстаздар ұжымы мен студенттерді, мереке қонақтарын оқу орнының 10 жылдығымен құттықтады.

Осыдан кейін институт аудиторияларында "Бүгінгі Қазақстан қоғамы: ғылым, мәдениет, экономика" тақырыбында халықаралық конференция болып өтті. Оның секцияларында: "Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықта", "Қазіргі Қазақстанның теориялық және қолданбалы ғылымы", "Мәдени мұра мен мәдениет құрылысының болашағы", "Қазақстан Республикасының экономикасындағы өзекті мәселелер", "Жоғары білім жүйесіндегі инновациялық технологиялар" деген тақырыптарда баяндамалар жасалынып, жан-жақты талқыланды.

Осы күні түстен кейін институттың жиынжайында мерейтойға арналған салтанатты жиын өтті. Оны оқу орнының ректоры **Дәния Рахымбайқызы Пірінбекова** алғысөз сөйлеп ашып, институт президенті **Гүлнар Абдуллақызы Көпекова** тарихына тоқталып өткен. Жиында мерейтой қонақтары Германиядан келген **Райнхольд Шпет,** ҚазЭУ-дің оқытушысы **Т.Сатқалиева,** Ө. Жолдасбеков атындағы институттан **А. Садықов,** Ұлыбританияның Лидцев университетінен **Ж. Мейрамбаева,** Қарақалпақ мемлекеттік университетінен **Р. Ешниязов** пен **Б. Әбдікамалов,** АҚШ-тың Бейбітшілік корпусынан келген **Озн Лингли,** Алматыдан келген қонақтар **К. Бердалиев, Л. Айманова, С. Мыржақыпова, М. Тілмановтар** да ақжарма тілектерін айтып, оқу орнына шағын сыйлықтарын табыс етті.

Ертеңіне қонақтар облыс орталығы Талдықорған қаласының көрікті жерлерін аралап, көркемсурет галереясын тамашалады.

Қуат ӘБІЛ.